

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2023 жылғы 8 маусым

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті депутаттар, жуырда Солтүстік Қазақстан облысынан Сенат депутаты болып Рахметова Әсем Қалашбайқызы сайланды. Кеше әріптесіміз Орталық сайлау комиссиясында депутат ретінде тіркелді.

Әсем Қалашбайқызы, сізді сенатор болып сайлануыңызбен құттықтаймыз. Депутаттық қызметіңізге толайым табыс тілейміз. Құтты болсын!

Конституциялық нормаларға сәйкес жаңадан сайланған депутат Палата отырысында ант береді. Сондықтан ант беру рәсіміне көшейік.

Ант беру үшін мінбеге Рахметова Әсем Қалашбайқызы шақырылады.

РАХМЕТОВА Ә.Қ. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, депутаттың өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін!

ТӨРАҒА. Рақмет, Әсем Қалашбайқызы. Алдағы жұмысыңызға сәттілік тілейміз. Орныңызға отыруға болады.

Құрметті сенаторлар, күн тәртібіндегі екінші мәселе Сенат депутаты Рахметова Әсем Қалашбайқызын Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты тұрақты комитетінің құрамына сайлау туралы.

Қатарымызға қосылған әріптесіміз Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің құрамында қызмет етуге өтініш білдірді. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық. Рахметова Әсем Қалашбайқызын Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі етіп сайлау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің жалған тауар белгілерін және географиялық көрсеткіштерді пайдаланудың алдын алу мен жолын кесу жөніндегі ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Тастекеев Қайрат Құлбайұлына беріледі.

ТАСТЕКЕЕВ Қ.Қ. Рақмет.

Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сіздердің назарларыңызға «ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің жалған тауар белгілерін және географиялық көрсеткіштерді пайдаланудың алдын алу мен жолын кесу жөніндегі ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұсынылып отыр.

Заңның міндеті ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің жалған тауар белгілерін және географиялық көрсеткіштерді пайдаланудың алдын алу мен жолын кесу жөніндегі ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау болып табылады.

Келісімге 2021 жылғы 28 мамырда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы үкімет басшылары кеңесінің отырысында қол қойылды.

Келісімге қол қою тауарлар мен қызметтердің халықаралық нарығының дамуына, бәсекелестіктің өсуіне және даралау құралдарына құқықтарды қорғауға деген қажеттіліктің артуына байланысты.

Осы келісімнің мақсаты ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің жалған тауар белгілерін және географиялық көрсеткіштерді пайдаланудың алдын алу мен жолын кесу, сондай-ақ мұндай тауарларды ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік шекаралары арқылы өткізу жөніндегі ынтымақтастығы болып табылады.

Келісімде жалған тауар белгілері мен географиялық көрсеткіштері бар тауарларды өндіру мен өткізудің анықталған фактілері туралы ақпарат алмасу, өнеркәсіптік меншік саласында бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу, зияткерлік меншік құқықтарын қорғау және сақтау саласында кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі бірлескен іс-шаралар көзделген. Сонымен қатар ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің тауарларды дараландыру құралдарын қорғаудың ұлттық жүйелерін одан әрі дамыту жөніндегі күш-жігерін біріктіруге бағытталған.

Заңды әзірлеушілердің пікірінше оны қабылдау теріс әлеуметтік, экономикалық және құқықтық салдарларға әкеп соқпайды, сондай-ақ республикалық бюджет есебінен қосымша қаражатты талап етпейді.

Бүгінгі таңда мемлекетішілік рәсімдерді Армения, Беларусь, Өзбекстан және Қырғызстан жүргізді.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Заңға сәйкес келісім ратификациялауға жатады.

Сенат комитеттерінен заң бойынша ескертулер мен ұсыныстар келіп түскен жоқ.

Құрметті әріптестер, жоғарыда баяндалғандардың негізінде Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті «ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің жалған тауар белгілерін және географиялық көрсеткіштерді пайдаланудың алдын алу мен жолын кесу жөніндегі ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес мақұлдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Сатвалдиев Алишер Гапиржановичке беріледі.

САТВАЛДИЕВ А.Г. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қайрат Құлбайұлына арналады.

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің жалған тауар белгілері мен географиялық нұсқауларды пайдаланудың алдын алу және жолын кесу жөніндегі ынтымақтастығы туралы жаңа келісімге қол қоюының негізгі себептерінің бірі ТМД-ның бірқатар мемлекеттерінің Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі болып табылады, өйткені ұйымның алдында олардың өз міндеттемелері бар.

Келісім Дүниежүзілік сауда ұйымы шеңберіндегі жалған тауар белгілерін пайдаланудың алдын алуға және жолын кесуге байланысты міндеттемелерді оның мүшелері орындайтынын нақтылайды. Дүниежүзілік сауда ұйымы мүшелері болып табылмайтын келісімге қатысушы тараптар тек көрсетілген міндеттемелерде белгіленген қағидаттар мен нормаларды ұстануға тиіс. Осы орайда қаралып отырған келісімнің 6, 7, 8-баптары 1994 жылғы 15 сәуірдегі зияткерлік меншік құқықтарының сауда аспектілері жөніндегі келісімнің 22-бабын толық қайталайтынына да мән беруіміз керек. Осыған байланысты мынадай сұрағым бар.

Қаралып отырған келісім қатысушылары арасында Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше және оған қатыспайтын мемлекеттер бар екенін ескерсек, келісімді іске асыру кезінде қандай да бір құқықтық қайшылықтар туындамай ма? Рақмет.

ТАСТЕКЕЕВ Қ.Қ. Рақмет, Алишер Гапиржанұлы.

Бүгінгі таңда Дүниежүзілік сауда ұйымына кірмеген үш мемлекет бар. Олар Өзірбайжан, Беларусь және Өзбекстан мемлекеттері.

Келісімнің аталған ережелері жалған тауарлар белгілерін дараландыру немесе заңсыз пайдалануға байланысты осы әрекеттердің жолын кесуге бағытталған болатын.

Жоғарыда аталған мемлекеттер Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болуына байланысты аталған зияткерлік меншік құқығы сауда аспектілері ережелеріне

қайшылықтар тудырмайды және де ТМД мемлекеттері арасында осы келісілген ережелер бойынша толықтай бұлардың заңдылықтары сәйкестендірілген.

Келісімді қолдану немесе түсіндіру мақсатында белгілі бір түсінбеушіліктер немесе даулар туындаған жағдайда тараптардың арасындағы екі тараптың келісімі арқылы өзара шешіледі. Бұл заңдылықтар осы келісімнің 16-бабында көрсетілген.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сұрақ қою үшін келесі сөз депутат Шайдаров Серік Жаманқұлұлына беріледі.

ШАЙДАРОВ С.Ж. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Әділет министрлігінің өкіліне.

Келісімнің 7-бабына сәйкес Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының қатысушыларының тараптары өз мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес тауар таңбасын тіркеуден бас тартуы немесе тауар белгісін тіркеуді тауар белгісіне айрықша құқыққа билік етуді тіркеуді жарамсыз деп тануы мүмкін. Атап айтқанда, тараптар мұндай тауарлардың шынайы шығарылған жеріне қатысты тұтынушыларды жаңылыстырған кезде бас тарта алады. Осыдан сұрақ туындайды.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының қатысушыларының тараптары қандай заңнамалық актілерді басшылыққа ала отырып аталған тіркеуден бас тарта алады?

Қазақстан Республикасының заңнамасын қоса алғанда мысалдар келтірсеңіз.

ТӨРАҒА. Әділет вице-министрі Мұқанова Алма Қайратқызы, жауап беріңіз.

МҰҚАНОВА А.Қ. Құрметті Серік Жаманқұлұлы, құрметті депутаттар! Келісімшарттың нормаларына сәйкес әр тараптың өз заңнамасына сәйкес тіркеуден бас тарту құқығы бар. Әрбір ТМД мемлекеттерінде тауар таңбалары мен географиялық нұсқаулар бойынша тиісті заңдар бар, Қазақстанда да тиісті тауар таңбалары туралы заң қолданыста жүр.

Осы заңның 6 және 7-бабында тіркеуден бас тарту негіздері толыққанды айқындалған, олардың ішінде жалған немесе жаңылыстыруға жол беретін таңбаларды тіркеуден бас тарту негіздері көрсетілген. Мысалы, әйгілі брендтерге ұқсас таңбалар әкелінсе, не әйгілі символдар мен терминдер, не елтаңбалар қолданылса тиісті тіркеуші органдар осы таңбаларды тіркеуден бас тартады. Егер біздің заңнамаға сәйкес ондай тауарлық таңбалар тіркелсе және ондай факті белгілі болса, онда бұл тіркелу Әділет министрлігіндегі апелляциялық кеңеске жүгініп, осы тіркеудің алдын алу шаралары қабылдануы мүмкін. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Рүстемов Руслан Рүстемұлына беріледі.

РҮСТЕМОВ Р.Р. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Әділет министрлігінің өкіліне.

14-бапқа сәйкес келісімді іске асыру бойынша тараптар жүргізетін іс-шараларды қаржыландыру осы келісімге қатысушы мемлекеттердің бюджеттерінде тиісті министрліктер мен ведомстволардың функцияларын орындауға жыл сайын бөлінетін қаражат шеңберінде жүзеге асырылады. Сонымен бірге 13-бапқа сәйкес тараптардың келісім ережелерін іске асыру жөніндегі өзара іс-қимылын үйлестіру Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының салалық ынтымақтастық органы – зияткерлік меншікті құқықтық қорғау және қорғау мәселелері жөніндегі мемлекетаралық кеңеске жүктеледі.

Сұрақ: демек бұл бірлескен іс-шараларды қаржыландыруды осы орган жоспарлайтынын білдіре ме және осы келісімнің 3-бабында көзделген бірлескен іс-шараларды қаржыландыру механизмі қандай болмақ?

ТӨРАҒА. Алма Қайратқызы, жауап беріңіз.

МҰҚАНОВА А.Қ. Сұрағыңызға рақмет. Келісімде осы іс-шаралардың қандай бағыттарда болуы керек екендігі де айқындалған. Олар нормативтік құқықтық актілер бойынша ақпарат алмасу, әдістемелермен, әдебиетпен алмасу және осы салада қызмет ететін қызметкерлердің білім деңгейін көтеруге бағытталған шаралар. Олар ешқандай қосымша қаражатты талап етпейді, ол бойынша біз тиісті заңды қарастырған кезде толыққанды ақпарат береміз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Қайрат Құлбайұлы. Орныңызға отырыңыз.

Енді заңды талқылауға көшейік.

Слово предоставляется депутату Большерту Евгению Андреевичу.

БОЛЬГЕРТ Е.А. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Келісімнің мақсаты жалған тауар белгілері мен географиялық көрсеткіштері бар тауарларды өндіру және өткізу фактілерінің алдын алу, анықтау және жолын кесу, сондай-ақ мұндай тауарларды ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік шекаралары арқылы өткізу мәселелері бойынша мүше мемлекеттердің бірлескен қызметін үйлестіру болып табылады.

Сауда белгілері мен географиялық көрсеткіштер әртүрлі өндірушілердің біртекті тауарларын ажыратуға қызмет ететін тауарларды даралау құралы болып табылады. Тауар белгілерімен таңбаланған және географиялық көрсеткіштер ретінде тіркелген өнімнің сапасы, ерекше қасиеттері, беделі тауарлардың бәсекеге қабілеттілігіне айтарлықтай әсер етеді.

Бұл даралау құралдарын мемлекеттің танылуын қамтамасыз ететін ұлттық өндірушілердің беделін арттыруға, ұлттық өнімдерге сұранысты арттыруға, сондай-ақ әлемде өзінің жоғары сапасымен белгілі тауарларды экспорттау арқылы экономиканы дамытуға мүмкіндік беретін ұлттық брендтер ретінде пайдалануға болады. Осыған байланысты тауар белгілері мен географиялық көрсеткіштердің ұлттық және шетелдік иелерінің құқықтарын тиімді қорғауды қамтамасыз ету және тұтынушыны тауардың

сапасы мен шығарылған жеріне қатысты жаңылыстыруға қабілетті өнімді нарыққа жібермеу маңызды болып көрінеді.

Келісімді жасау негізді және уақытылы шара болып табылады, өйткені ол мемлекеттерге жалған тауар белгілері мен географиялық көрсеткіштері бар тауарларды өндіру және өткізу фактілерінің алдын алу, анықтау және жолын кесу, сондай-ақ ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің кедендік шекаралары арқылы жалған тауар белгілері мен географиялық көрсеткіштері бар тауарларды өткізу мәселелерінде тығыз ынтымақтастықты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған.

Келісімді ратификациялау теріс әлеуметтік-экономикалық, құқықтық салдарға әкеп соқпайды және республикалық бюджеттен қаржыландыруды талап етпейді.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің жалған тауар белгілерін және географиялық көрсеткіштерді пайдаланудың алдын алу мен жолын кесу жөніндегі ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Мақұлданған заң ТМД шеңберінде жалған тауар белгілері мен географиялық көрсеткіштерді пайдаланудың алдын алу және жолын кесу үшін қажетті құқықтық орта қалыптастырады. Сол үшін келісім арқылы мемлекеттер тарапынан қабылданатын бірлескен іс-шаралар мен құқықтық тетіктер айқындалады. Алдағы уақытта келісім қатысушы мемлекеттердің зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы әлеуетін арттыруға оң үлесін қосады деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасының орнықты дамуы саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуын мониторингтеу жөніндегі Парламенттік комиссияның құрамына Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау туралы.

Өздеріңізге белгілі, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес Парламентте орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуына мониторинг жүргізетін парламенттік комиссия құру жұмыстары қолға алынды. Бұл комиссияның негізгі мақсаты – орнықты даму саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттерді тиімді іске асыруға жәрдемдесу.

Комиссия құрамына әр Палатадан тоғыз депутаттан мүше болады деп жоспарланып отыр. Сондай-ақ оның жұмысына Үкімет мүшелері, халықаралық ұйымдар мен қоғамдық ұйымдардың, үкіметтік емес сектордың өкілдері және сарапшылар мен ғалымдар қатысып отырады.

Парламент Регламентіне сәйкес екі Палата бірлескен отырысқа дейін комиссияның құрамына енетін кандидатураларды айқындауы қажет. Осыған байланысты Сенаттың тиісті қаулысының жобасы сіздерде бар.

Құрметті әріптестер, ұсынылған кандидатуралар бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық. Парламенттік комиссия мүшелерін сайлау туралы Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Құрметті депутаттар, осымен барлық мәселелер қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік. Депутаттық сауалдар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса Сенат отырысын жабық деп жариялаймын.

Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2023 жылғы 8 маусым

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты
Ә.Қ. Рахметованың ант беруі туралы

О принесении присяги депутатом Сената Парламента Республики Казахстан Рахметовой А.К.1

Сөз сөйлеген:

Выступила:

РАХМЕТОВА Ә.Қ. 1

Сенат депутаты Ә.Қ. Рахметованы Қазақстан Республикасы Парламенті
Сенаты тұрақты комитетінің құрамына сайлау туралы

Об избрании депутата Сената Рахметовой А.К. в состав постоянного комитета Сената Парламента Республики Казахстан2

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «ТМД-ға
қатысушы мемлекеттердің жалған тауар белгілерін және географиялық
көрсеткіштерді пайдаланудың алдын алу мен жолын кесу жөніндегі
ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан
Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Соглашения о сотрудничестве государств – участников СНГ по предупреждению и пресечению использования ложных товарных знаков и географических указаний», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары
комитетінің мүшесі Қ.Қ. ТАСТЕКЕЕВТІҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам ТАСТЕКЕЕВА К.К. 2

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

САТВАЛДИЕВ А.Г. 3

ШАЙДАРОВ С.Ж. 4


МҰҚАНОВА А.Қ. – Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі,
вице-министр юстиции Республики Казахстан 4

РҮСТЕМОВ Р.Р.	4
МҰҚАНОВА А.Қ.	5
БОЛЬГЕРТ Е.А.	5

Қазақстан Республикасының орнықты дамуы саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуын мониторингтеу жөніндегі Парламенттік комиссияның құрамына Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау туралы

Об избрании депутатов Сената Парламента Республики Казахстан в состав Парламентской комиссии по мониторингу реализации национальных целей и задач в области устойчивого развития Республики Казахстан6

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК директоры

 А. Əлиев

Стенографиялау қызметінің басшысы

 Г. Молдашева